



Бекітілген  
«Өскемен жылу жүйелері» АҚ  
Бас директоры  
 Р. Уразбаев  
«16» 05 2023 ж.

## КӘСІПОРЫН ЕРЕЖЕСІ

**«Өскемен жылу жүйелері» акционерлік қоғамындағы  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы**

КЕ 18-07

(«Корпоративтік басқарудың» 18-тарауына)

Тірк. № \_\_\_\_\_  
Тұг. № 09.14/00049  
Есеп.көш. № \_\_\_\_\_

«Өскемен жылу жүйелері» АҚ  
Өскемен қ.



КЕ 18-07

## БІРІКТІРЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

«ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА  
ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

Шығарылым № 1	Шығарылған күні: <i>16.05.2023</i>	14 парақтың 2 беті
------------------	---------------------------------------	--------------------

## Кіріспе

**1. ДАЙЫНДАЛДЫ** «Өскемен жылу жүйелері» акционерлік қоғамымен**2. ДАЙЫНДАҒАН** заң бөлімінің басшысы  О. Лебедева  
«15» 05 2023 ж.**3. БЕКІТЛІДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕҢГІЗІЛДІ** «16» 05 2023 ж.  
№ 198 бүйрығымен**4. АЛҒАШ РЕТ ЕҢГІЗІЛДІ****5. БІРІНШІ ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ** – 2026 жыл  
**ҚАЙТА ҚАРАУ КЕЗЕҢДІЛІГІ** – 3 жыл**6. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІН ҰЗАРТУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР** \_\_\_\_\_**7. ШЫҒАРЫЛЫМ** № 1 «16» 05 2023 ж.

Осы құжатты Кәсіпорын басшылығының рұқсатынсыз бөгде ұйымдарға беруге тыйым салынады.



## БІРІКТІРЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

### «ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

КЕ 18-07

Шығарылым  
№ 1

Шығарылған күні:

16.05.2023

14 параптың 3 беті

#### 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Өскемен жылу жүйелері» АҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 16-бабының 3-тармағына сәйкес «Өскемен жылу жүйелері» АҚ әзірленді (бұдан әрі – Заң).

1.2. Осы Ереже «Өскемен жылу жүйелері» АҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшениң немесе адамның мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін белгілейді.

1.3. Осы Ереже квазимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық жұмысшылардың назарына жеткізіледі.

1.4. «Өскемен жылу жүйелері» АҚ-да негізгі міндеті осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын орындауын қамтамасыз ету болып табылатын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға белгіленеді.

Сонымен қатар, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын жауапты тұлға мұдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып белгіленеді.

1.5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға «Өскемен жылу жүйелері» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді.

1.6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін «Өскемен жылу жүйелері» АҚ атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз түрде жүзеге асырады, Директорлар кеңесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

1.7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдегі орган және оның аумақтық бөлімшелері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдау көрсетеді.

1.8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын «Өскемен жылу жүйелері» АҚ басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастыруға рұқсат етілмейді.

1.9. Егер Заңмен, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттармен осы Ережеде көзделмеген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленсе, онда осы талаптар мен тәсілдерді «Өскемен жылу жүйелері» АҚ Директорлар кеңесі бекітеді.



## БІРІКТІРЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖУЙЕСІ

### «ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

КЕ 18-07

Шығарылым  
№ 1

Шығарылған күні:

16. 05. 2023

14 параптың 4 беті

## 2. Нормативтік сілтемелер

Осы Ережеде өзектіліктің тиісті күніне келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы.

Қоғамның Жарғысы.

Қоғамның Корпоративтік басқару кодексі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгі ережелері Корпоративтік басқару кодексі.

## 3. Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс** – квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

**Мұдделер қақтығысы** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалардың, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген, оларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымды тұлғалардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасында туындейтын қайшылық, мұндай жағдай аталған тұлғалардың жеке мұдделерінің олардың өз лауазымдық міндеттерін орындауы және (немесе) тиісінше орындауы жағдайын тудыруы мүмкін;

**Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** – сыбайлас жемқорлық белгілері бар заңға қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), ол үшін занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген;

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

**Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үәкілетті орган** – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.



## БІРІКТІРЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

### «ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

КЕ 18-07

Шығарылым  
№ 1

Шығарылған күні:

16.05.2023

14 парадтың 5 беті

#### 4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері

4.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің негізгі мақсаты «Өскемен жылу жүйелері» АҚ мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ак, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асрылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

4.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескеरту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асру;

3) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық тәжірибелің сақталуын қамтамасыз ету;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының Занға сәйкес сақталуын қамтамасыз ету.

4.3. «Өскемен жылу жүйелері» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметтіңін ақпараттық ашықтығы;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

4.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

4.4.1. келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдының ішкі саясаты;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;



## БІРІКТІРЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖУЙЕСІ

### «ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

КЕ 18-07

Шығарылым  
№ 1

Шығарылған күні:

16.05.2023

14 парақтың 6 беті

3) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мұдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;

6) квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін реттейтін құжат;

7) корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін реттейтін құжат;

4.4.2. квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өндеуді, қорытууды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

4.4.3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуіндегі үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 19 қазанды № 12 бүйрекімен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуіндегі үлгілік қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 14441) сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуі үйлестіреді;

4.4.4. сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

4.4.5. квазимемлекеттік сектор субъектісінде анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;

4.4.6. квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

4.4.7. квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

4.4.8. квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін сактауын бақылауды қамтамасыз етеді;

4.4.9. квазимемлекеттік сектор субъектісінің ұжымында жалпы қабылданған моральдық әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;



## БІРІКТІРЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖУЙЕСІ

### «ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

КЕ 18-07

Шығарылым  
№ 1

Шығарылған күні:

16.05.2023

14 параптың 7 беті

4.4.10. сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалардың Зандада белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;

4.4.11. квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

4.4.12. мұдделер қақтығысын, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектісінің жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-үрдістер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

4.4.13. квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

4.4.14. контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

4.4.15. квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе оларға қатысады;

4.4.16. квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот тәжірибесіндегі өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

4.4.17. квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

4.4.18. сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын тыңдайды;

4.4.19. квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметін ұйымдастырудың ішкі үрдістерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

4.4.20. квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметінің ерекшелігіне қарай, мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпейтін және мұдделер қақтығысының туындауына әкеп соқпайтын жағдайда, комплаенс, іскерлік әдеп, орнықты даму және басқалар мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

4.4.21. сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және занды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

4.5. Директорлар кеңесінің шешімі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысын немесе оның функцияларын атқарушы тұлғаны тағайындауды



## БІРІКТІРІЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

### «ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

КЕ 18-07

Шығарылым  
№ 1

Шығарылған күні:

16.05.2023

14 параптың 8 беті

жүзеге асырады және оның өкілеттік мерзімін, сыйақы мөлшерін және еңбекке ақы төлеудің шарттарын айқындайды.

4.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы немесе оның функцияларын атқаруши тұлға сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын және функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

4.7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысын ұсыну бойынша Бас директордың шешімімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерлерінің құрылымы, штат саны (сандық құрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және еңбегіне ақы төлеудің өзге де шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады.

4.8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының және қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтардың немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереженің негізінде әзірленетін қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін белгілейтін құжаттармен айқындалады және оларды «Өскемен жылу жүйелері» АҚ Бас директоры бекітеді.

4.9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы Директорлар кеңесіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құрылымы мен штат кестесі бойынша, көрсетілген органдар болмаған жағдайда, «Өскемен жылу жүйелері» АҚ Бас директорына ұсыныс береді.

4.10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің атынан квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқа құрылымдық бөлімшелеріне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомстволар мен ведомстволық бағынысты ұйымдарға жіберілетін құжаттар мен сауалдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы қол қояды.

4.11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлері комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіптік ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы үнемі кәсіби біліктілігін арттыруы қажет.

4.12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметінің шеңберінде:

1) құрылымдық бөлімшелерден ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) өз құзыретіне жататын мәселелерді Директорлар кеңесінің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшысының қарастыруына шығаруға бастамашылық жасайды;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнамасын



## БІРІКТІРІЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

### «ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

КЕ 18-07

Шығарылым  
№ 1

Шығарылған күні:

16.05.2023

14 параптың 9 беті

бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) квазимемлекеттік сектор субъектілері басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу аясында жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

7) квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметкерлерінің квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу жағдайының болуы немесе туындау мүмкіндігі туралы хабарлауы, немесе квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізуі үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

4.13. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялыштың сақтайды;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыйайлас жемқорлықтың, корпоративтік әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген тұлғалардың құпиялыштың қамтамасыз етеді;

3) Директорлар кеңесін, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысын сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу жағдайының болуы немесе туындау мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы уақытылы хабардар етеді;

4) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып, жүзеге асырылып жатқан немесе жузеге асырылған сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

4.14. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлері төмендегі әрекеттерді жүзеге асырмауы тиіс:

1) алдыңғы үш жыл ішінде өздері қатысқан үрдістерді тексеруге қатысу;


КЕ 18-07

## БІРІКТІРЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

### «ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРИ» АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

Шығарылым  
№ 1

Шығарылған күні:

16.05.2023

14 параптың 10 беті

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе зиян келтіреді деп қабылданатын кез келген әрекетке қатысу;

3) құпия ақпаратты жеке мұддесі үшін пайдалану;

4) іскерлік этика нормаларын бұзу;

5) нәтижесінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келтіруі мүмкін немесе залал келтіреді деп қабылдануы мүмкін сыйлықтарды алу және көрсетілетін қызметтерді пайдалану;

6) мұдделер қақтығысина әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысу.

4.15. «Өскемен жылу жүйелері» АҚ басшылығы төмендегі әрекеттерді жүзеге асыруы тиіс:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесу, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға ықпал ету;

2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті әкімшілік (ұйымдық-техникалық) жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыру, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дерекқорларға қолжетімділікті) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз ету;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағылары мен құзыреттері мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беру.

4.16. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы өзара сыпайылық пен жұмысты дұрыс жүзеге асыру негізінде құрылады.

4.17. квазимемлекеттік сектор субъектісі құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтіне келесі жолдар арқылы жәрдемдеседі:

1) осы Ереженің 4.3 тармағы 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

3) туындастын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

## 5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің есептілігі

5.1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет «Өскемен жылу жүйелері» АҚ-да қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша



## БІРІКТІРЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

### «ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

КЕ 18-07

Шығарылым  
№ 1

Шығарылған күні:

16.05.2023

14 парадтың 11 беті

ақпаратты тоқсан сайын сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінде қабылданған сыйайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жолданады.

5.2. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Директорлар кеңесіне, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына мерзімді түрде, жылына кемінде бір рет есеп береді.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы тарапынан ықтимал сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туындаған жағдайда сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Заңының 24-бабы 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.

#### 6. Қорытынды ережелер

Осы Ереже оны Қоғамның Бас директоры бекіткен сәттен бастап күшіне енеді және оны күші жойылды деп тану туралы шешім қабылдаған сәтке дейін қолданылады.

#### 7. Өзгерістер енгізу

Осы Ереженің өзгерістерін заң бөлімі әзірлейді, Ереже келісілген тұлғалар тарапынан келісіледі, Қоғамның Бас директоры бекітеді.

#### 8. Тарату

Кеңсе менеджері осы Ереженің көшірмесін «Битрикс-24» корпоративтік порталында .pdf форматында, «БЖМ құжаттарының мұрағаты» папкасында; бренд-менеджер <https://ukteplo.kz/> сайтында орналастырады.



БІРІКТІРЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖУЙЕСІ  
«ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА  
ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

КЕ 18-07

Шығарылым  
№ 1

Шығарылған күні:

16.05.2023

14 параптың 12 беті

Келісілді

Техникалық директоры

А. Букатов

«15» 05 2023 ж.

Қаржы директоры

А. Фатеева

«15» 05 2023 ж.

ПБҚ бастығы

О. Нальковская

«15» 05 2023 ж.

БМЖ бас маманы

Е. Орлова

«15» 05 2023 ж.

Тексерді:  
нормобақылаушы

С. Ахметова

«15» 05 2023 ж.

Аудармашы

С. Жиренчина

«15» 05 2023 ж.



# **БІРІКТІРІЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ**

## **«ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРЫ» АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА КАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ**

KE 18-07

Шығарылым  
№ 1

## Шығарылған күні:

16.05.2023

14 парадтың 13 беті

## **ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАФЫ**



KE 18-07

## **БІРІКТІРІЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ**

## **«ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРЫ» АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ**

Шығарылым  
№ 1

## Шығарылған күні:

16.05.2023

14 параграфың 14 беті

## Күжатпен танысқан \_\_\_\_\_ жұмысшылар